ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГОГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВАФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы қ., Желтоқсан к., 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоксан, 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

№ 05-06/3059
от 06.05.2021

«ЕрК Астана» ЖШС
Жамбыл облысы, Тараз қ.
Переулок 3 Болтирик шешен 23.

Қазақстан Республикасы Қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті, Сіздің 2021 жылдағы 16 сәуірдегі № 99375 «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өткізген № 5537290-1 «Қарасай батыр көшесі бойындағы Қалдаяқов көшесінен Зенков көшесіне дейінгі "Медецинских работников" аллеясын ағымдағы жөндеу» туралы ашық конкурсы бойынша арызыңызды қарап шығып, келесіні хабарлайды.

Камералдық бақылаудың нәтижесі бойынша Сіздің арызда көрсетілген негізсіз шектетуге қатысты дәйектер бойынша бұзушылықтардың орын алғаны анықталып «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» "Коммуналды мемлекеттік мекемесіне бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданғанын хабарлайды.

Сіздің арызыңызда көрсетілген әлеуетті жеткізушілер конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкессіздігі туралы келесіні хабарлаймыз.

Конкурстық құжаттамадағы ескертпенің 1-тармағы 5-1 қосымшасына сәйкес, құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Бұл ретте осы қосымшаның 4 және 5-тармақтарының талаптары мұндай әлеуетті өнім берушілергеқолданылмайды.

Әлеуетті жеткізішілер тендерге қатысқан кезде материалдық және еңбек ресурстарының болуын растау үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсат (лицензия) ұсынылған кезде, әлеуетті жеткізуші біліктілік талаптарына сәйкес болып есептелетінін хабарлаймыз.

Камералдық бақылаудың нәтижесінде әлеуетті жеткізушілердің конкурстық құжаттаманың 5-1 қосымшасында (Біліктілігі туралы мәліметтер) көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар

екендігі анықталды. Сол себептен әлеуетті жеткізушілер материалдық және еңбек ресурстары бойынша біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 47-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңының 14-бабына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, Сіз оған, оның ішінде жоғары органға шағымдануға құқылы екендігіңізді хабардар етеміз.

Департамент басшысының орынбасары **Б. Бөгембаев**

орн: К. Атамкулов
тел: 279-40-89